

## «Аэрофотография негіздері» пәнінен ашық сабақ

11 желтоқсан 2017 жылы колледжде «Аэрофотография негіздері» пәні бойынша 305 топ студенттерімен CLIL әдісін қолдана отырып, ағылшын тілінде эксперименталды ашық сабақ өтті.



**Сабақты өткізген:**

**Тулесова Назерке Дулатовна.**

**Тақырыбы:** Аэрофотография негіздері пәні бойынша қорытындылау сабағы

**Сабақтың мақсаттары:**

**Білімділік:** Оқушылардың аэрофотография негіздері пәні бойынша алған білімдерін тереңдетіп, жинақтап, бір жүйеге келтіру.

**Тәрбиелік:** Пәнге деген танымдылық, қызығушылығын арттыру. Жауапкершілік пен зейінділікке, белсенділік пен сенімділікке тәрбиелеу. Оқыту процесіне саналы түсінікті тәрбиелеу.

**Дамытушылық:** Өтілген материалдардан негізгілерін ала отырып, жалпылап, жүйеге келтіре білу дағдыларын қалыптастыру.

CLIL әдісінің мақсаты:

- бәсекеге қабілетті маман иесін дайындау.
- шет тілдерді жетік үйрену.

- студенттердің қызығушылығын арттыру.

Сабақта ғаламтор [learningapps.org](http://learningapps.org) бағдарламасы, информатикалық технология элементтері қолданылды. Сабақта студенттер өздері жасаған

тікұшақ макеттерін көпшілікке ұсынды.

Оқытушы әртүрлі білім көздерін қолдана отырып, сабақты жүйелі түрде өткізді. Сабақ мақсатына жетті, сабақтың соңында рубрикамен рефлексия қолданылды.

